

Қарасу ауылдық округі Қарасу ауылының Б.Майлин көшесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Түркістан облысы Сайрам ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 4 наурыздағы № 73 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 4 наурызда № 5464 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 98 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің 05.05.2020 № 98 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сайрам аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 02-05/41 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Қарасу ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қарасу ауылындағы Б.Майлин көшесінде құтыру ауруының ошағы анықталуына байланысты, Қарасу ауылдық округі Қарасу ауылының Б.Майлин көшесінде шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Сайрам ауданының Қарасу ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысы Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің оны ресми жарияланғаннан кейін Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарасу ауылдық округінің әкімі

Е. Бекбердиев

